

**"Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 664 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 221-құжат; 2001 ж., N 6, 141-құжат; 2002 ж., N 10, 106-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 )                      1 - б а п т а :

1) тармақшадағы "заттар" деген сөз "құралдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 0 )                      т а р м а қ ш а д а :

"немесе сол мемлекеттің бір аумағы шегінен басқа бір аумағы шегіне" деген сөздер а л ы н ы п                      т а с т а л с ы н ;

12) тармақшада "заңсыз", "қасақана" деген сөздер алынып тасталсын;

2 6 )                      т а р м а қ ш а д а :

"мемлекеттік саясатты" деген сөздерден кейін "және стратегияны" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33) және 34) тармақшалармен толықтырылсын:

27) "препарат - құрамында Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген бір немесе бірнеше есірткі құралдары, психотроптық заттар немесе прекурсорлар бар заттардың қандай да болсын күйдегі қоспасы;

28) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды қайта өңдеу нәтижесінде тазарту (бөгде қоспалардан тазарту), препаратта есірткі немесе психотроптық заттардың шоғырлануын арттыру, сондай-ақ олардың негізінде есірткі немесе психотроптық заттар болып табылмайтын заттар алынатын қызмет;

29) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды пайдалану - есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды мақсатты пайдалану;

30) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды дайындау - есірткі, психотроптық заттары алына алатын, сондай-ақ есірткі немесе психотроптық заттардың басқа есірткі, психотроптық заттарға айналатын өндірістен басқа барлық процестер;

31) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды өңдеу - есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды химиялық заттардан және (немесе) өсімдіктерден сериялық алуға бағытталған процесс;

32) уәкілеті мемлекеттік орган - сол органдардың құқықтық мәртебесін анықтайтын заңнамаға сәйкес құзыретіне есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кіретін мемлекеттік органдар;

33) есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен қамтамасыз ету нормативі - мемлекеттік лицензияға сәйкес қызметтің нақты түрін жүзеге асыратын нақты заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында іске асыру үшін заңды тұлғаларға - өндіруші және импортер кәсіпорындарға рұқсат етілген белгілі есірткі құралдарының не (немесе) психотроптық заттардың саны;

34) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды тұтыну нормативі - есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырыс берілген нақты заңды тұлғаларға тұтыну үшін қажетті белгілі есірткі құралдарының не (немесе) психотроптық заттардың саны.";

2) 2 - бапта:

1 - тармақта:

екінші бөлікте "екі тізімнен" деген сөздер "бір тізімнен" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөлік алынып тасталсын;

мынадай тармақтағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Препаратқа оның құрамындағы есірткі, психотроптық затқа немесе прекурсорға

қолданылатын ұқсас бақылау қолданылады.

Егер препараттың құрамында бір емес, бірнеше есірткі құралдары психотроптық заттары болса, оған неғұрлым қатаң бақылау шараларына жататын есірткі құралдарына, психотроптық заттарына қолданылатын бақылау қолданылады.

Құрамында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының саны аз және қауіп төндірмейтін немесе оларды теріс пайдаланған жағдайда аз қауіп төндіретін және аталған заттар олардан жеңіл қол жеткізетін әдістермен алынбайтын дәрі-дәрмектік препараттар осы Заңда белгіленген бақылаудан алынуы мүмкін. Мұндай препараттардың, өлшемдердің тізімдерін, сондай-ақ оларды бақылаудан алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

3 ) 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы 19), 20), 21), 22), 23) және 24) тармақшалармен толықтырылсын :

"19) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады ;

20) есірткі құралдарының, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы күресті үйлестіреді;

21) мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

22) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік және өзге де ұйымдардың, сондай-ақ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік комиссиялардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

23) белгіленген тәртіппен есірткі құралдарының, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымын бақылау және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласына инвестициялар мен техникалық көмек тартуды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың мақсатты пайдаланылуын бақылайды;

24) ұйымдарға нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы заңнаманың бұзылуын жою жөнінде ұсыным енгізеді.";

4 ) 6 - б а п т а :

бірінші абзацта "Қазақстан" деген сөздің алдында "1." санымен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Мемлекеттік бақылау - есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының аумағында сондай айналымға қатысушы атқарушы билік органдарының өкілеттерін, заңды тұлғалар мен азаматтардың құқықтарын және

міндеттерін белгілейтін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз айналымнан алынған құралдар мен заттарға бақылауды жүзеге асыру тәртібін реттейтін шаралар мен ережелер жүйесі.

Мемлекеттік бақылау өзіне құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсірумен, жинаумен және дайындаумен, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеумен, өндірумен, қайта өңдеумен, әкелумен, әкетумен, транзиттеумен, тасымалдаумен, жөнелтумен, сатып алумен, сақтаумен, бөлумен, өткізумен, пайдаланумен, жоюмен байланысты, лицензия беру, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу, инспекциялау арқылы есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының заңнамамен белгіленген ережелерін сақтаумен байланысты қызмет түрлерін қамтитын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына жүзеге асырылады.

Бақылау мынадай ұғымдардан шыға отырып жүзеге асырылады:

бақылау объектісі - есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыратын меншіктік нысанына қарамастан мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар;

бақылау мақсаты - есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңды айналымнан заңсыз айналымға кетуіне жол бермеу, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың талан-таражға салынуын ескерту және анықтау, есепке алу, сақтау және жіберу ережелерінің бұзылуын болдырмау, лицензия алушылардың заңнамамен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін, олардың есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды ұстау ережелерін сақтауды тексеру;

бақылау мәні - мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметі, бөлу, есепке алу және есеп беру, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті лицензиялау;

бақылау жүргізу мерзімдері - жоспарлы;

бақылауды жүргізу кезеңі - тоқсанына бір реттен кем емес;

бақылау нысаны - тексеру, инспекциялау, тексеру, тиісті ұсынымдар бере отырып тексеру;

мемлекеттік бақылау жүргізу негізі - жедел-іздігі қызметті жүзеге асыратын органдарға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың арыздары мен өтініштері, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы заңнаманың бұзылуы туралы ақпарат, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер.";

5 ) 7 - б а п т а :

1-тармақта "16, 17, 18" деген сандар алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы бақылаудағы және есірткі құралдарын, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын құралдардың, жабдықтардың тізбесін, сондай-ақ оларды әзірлеу, өндіру, дайындау, сақтау, тасымалдау, жөнелту, сату, өткізу, бөлу, сатып алу, пайдалану, Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету ережелерін белгілейді."

б) 8-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекеттік квотаны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Мемлекеттік квота заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі күнтізбелік жылға тапсырыс берген белгілі есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың санын қамтиды.

Тұтынушы заңды тұлғалар, мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер келесі күнтізбелік жылға арналған тұтыну нормативін бекіту үшін өтінімді ведомстволық тиістілік бойынша қорытындылау үшін жоғары тұрған ұйымға иерархия бойынша уәкілетті мемлекеттік органға дейін ұсынады.

Мемлекеттік емес сектордың тұтынушы заңды тұлғалары келесі күнтізбелік жылға арналған тұтыну нормативін бекіту үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тиісті саладағы қызметті үйлестіретін мемлекеттік органдарға қорытындылау және уәкілетті мемлекеттік органға дейін иерархия бойынша ведомстволық тиістілік бойынша беру үшін ұсынады.

Уәкілетті мемлекеттік органдар келесі күнтізбелік жылға арналған қорытындыланған тұтыну нормативін бекіту үшін есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға қорытындыланған өтінімді жыл сайын ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін ұсынады.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды қайта өңдеуді немесе құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар препараттарды немесе дәрі-дәрмектік құралдарды өндіруді жүзеге асыратын тұтынушы заңды тұлғалар меншіктік нысанына қарамастан келесі күнтізбелік жылға арналған тұтыну нормативін бекіту үшін өтінімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган заңды тұлғалардың тұтынудың нормативтері өтінімдерінің негізділігін тексереді, бекітуге тапсырыс берілген тұтыну нормативтерін қорытындылайды және есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтынудың аталған нормативтерін бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Қызметтері лицензиялауға жататын нақты тұтынушы заңды тұлғалар үшін ( емдеу-профилактикалық, дәріханалық, мал дәрігерлік, оқу және ғылыми-зерттеу

ұйымдар мен т.б.) нормативтер көрсете отырып республикамыздың әкімшілік-аумақтық бірліктері үшін тұтыну нормативтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және бекітілген тұтыну нормативінің шегінде тапсырыс берілген санның негізінде лицензияр-орган бекітеді.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік квотаны белгілегеннен кейін уәкілетті мемлекеттік органдар бойынша экономика саласы бойынша қамтамасыз ету нормативтерін бекіту үшін Үкімет қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қамтамасыз ету нормативтерін бекітеді және оларды уәкілетті мемлекеттік органдарға жібереді. Қамтамасыз ету нормативтері есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелгеннен немесе (және) өндіргеннен кейін бастапқы іске асыруды жүзеге асыратын өндірушілер мен импортерлердің заңды тұлғалары үшін бекітіледі.

Қазақстан Республикасының қамтамасыз ету нормативінің жиынтық деректері Қазақстан Республикасының қажеттілік нормасына (мемлекеттік квотаға) сәйкес келуі тиіс және оны асыра пайдалану мүмкін емес.

Қамтамасыз ету нормативін үлесті бөлу Тізімге енгізілген барлық есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға, сондай-ақ есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын жүзеге асыратын заңды тұлғалар тапсырыс берген аталған заттар мен құралдардағы өнімге қ а т ы с т ы жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру және әкелу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік квотаны бекіткеннен кейін есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға келесі күнтізбелік жылға ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін қамтамасыз ету нормативтерін бекітуге құжаттар топтамасын ұсынады.";

7 ) 1 0 - б а п т а :

тақырыбында "(дайындау)" деген сөз ", дайындау, қайта өңдеу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақта "Өндіру" деген сөзден кейін ", дайындау, қайта өңдеу" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тармақ "өндіретін" деген сөзден кейін "дайындайтын, қайта өндіретін" деген сөздермен толықтырылсын;

8 ) 1 3 - б а п т ы ң 4 - т а р м а ғ ы н д а :

"сатып алудың" деген сөздерден кейін "пайдаланудың" деген сөз алынып тасталсын ;

"уәкілетті мемлекеттік органдар" деген сөздер "есірткі құралдары, психотроптық

заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган";

9 ) 15 - б а п т а :

2, 3, 4 және 5-тармақтарда "және психотроптық заттар" деген сөздер ", психотроптық заттар және прекурсорлар" деген сөздермен ауыстырылсын;  
6-тармақ алынып тасталсын;

10 ) 16 - б а п т а :

1-тармақта "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;  
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тізімге енгізілген құрамында есірткі заттар бар дәрілік препараттар оқыс оқиғаларда алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған азаматтық мақсаттағы көлікте, әскери машиналарда (кемелерде) арнайы-тактикалық сабақтарға (жүзу ауданына) және даладағы (теңіз) оқу жаттығуларына шығу кезінде, ұшу аппараттарында ұшу кезінде ұшқыштың дәрі қобдишасында, Қарулы күштердің әскери бөлімдері мен мекемелері үшін, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар үшін шұғыл көмек шкафтарында (укладкаларында) бола алады.

Тиісті рұқсатты есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган береді.

Рұқсаттарды беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Құрамында есірткі заттар бар дәрілік препараттарды оқыс оқиғаларда алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған азаматтық мақсаттағы көлікте, әскери машиналарда (кемелерде) арнайы-тактикалық сабақтарға (жүзу ауданына) және даладағы (теңіз) оқу жаттығуларына шығу кезінде, ұшу аппараттарында ұшу кезінде ұшқыштың дәрі қобдишасында, Қарулы күштердің әскери бөлімдері мен мекемелері үшін, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарында есепке алу тәртібін есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.";

11) 17-баптың атауында және 2-тармағында "пайдалану" деген сөз "айналымы" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 21-баптың 1-тармағында "есірткі заттары" деген сөздер "есірткі құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

13 ) 22 - б а п т а :

тақырыбындағы "заттар" деген сөзден кейін "және прекурсорлар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар өсімдіктерді өсіру мен жинауға және оларды өнеркәсіптік, медициналық, оқу және ғылыми мақсаттарда пайдалануға

қызметтің осындай түріне лицензиясы бар заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мемлекеттік квоталардан аспайтын көлемде р ұ қ с а т б е р і л е д і " ;

4-тармақта "өнеркәсіптік" деген сөзден кейін ", оқу, ғылыми" деген сөздермен толықтырылсын;

14 ) 29 - б а п т а :  
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
"29-бап. Бақылау сатып алу";

Мәтіндегі "жедел сатып алу" деген сөздер "бақылау сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) жоғарыда аталған Заңның "Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімі" деген 1-қосымшада:

бірінші абзацтағы "1997 жылы қосылды" деген сөздер "1998 жылы қосылды" деп ж а з ы л с ы н ;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"екінші тізімнен" деген сөздер "бір тізімінен" деген сөздермен ауыстырылсын;  
екінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"I-III кестелерде заттардың атаулары Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы (БДҰ) ұсынған халықаралық тіркелмеген атауларына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияда , 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы бірыңғай конвенцияда көрсетілген атаулар мен суреттемелерге, сондай-ақ басқа да тіркелмеген атауларға сәйкес келеді. Төменде олардың суреттемелері немесе химиялық атауы к е л т і р і л е д і . " ;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"II кестеге медициналық мақсаттарда пайдаланатын және қатаң бақылаудағы (1961 жылғы Конвенция I тізімнің бөлігі, II тізімі және 1971 жылғы Конвенцияның II тізімі) есірткі құралдары мен психотроптық заттар енгізілген";

сегізінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: "Есірткі құралдарына немесе психотроптық заттарға сонымен қатар атаулары (синонимдері) Тізімге енгізілмеген п р е п а р а т т а р ж а т а д ы " ;

"Медициналық мақсаттарда пайдалануға тыйым салынған есірткі және психотроптық заттардың тізімі" деген I кестеде:

А "Есірткі заттар" деген тарауда:

21-тармақ алып тасталсын;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. "МАРИХУАНА (КАННАБИС) (CANNABIS) - Cannabis тектес өсімдіктің уақталған немесе уақталмаған жоғары бөліктері - кептірілген немесе кептірілмеген түрдегі жапырақтары мен гүлшоғырлары.



63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. КАННАБИС (КОНОПЛЯ) ӨСІМДІГІ - құрамында тетрагидроканнабинол бар (тұқымы мен тамырын қоспағанда егер оларды өсімдіктің өзі немесе басқа бөліктері болмаса) Cannabis тектес кез-келген өсімдік.

В "Психотроптық заттар" деген тарауда:  
ескертпе мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы Кестеде аталған психотроптық заттардың стереоизомерлері нақты химиялық атаудың шегінде бар болуы мүмкін барлық жағдайларда";

"(Медициналық мақсатта пайдаланылатын және қатаң бақылаудағы есірткі және психотроптық заттардың тізімі" деген II кестеде:

А "Есірткі құралдан" деген бөлімнің 15, 29, 30, 37, 40-тармақтары алынып т а с т а л с ы н ;

В "Психотроптық заттар" деген бөлімнің 9-тармағындағы "(этаминал-натрия, нембутал)" деген сөздер алынып тасталсын;

"Медициналық мақсатта пайдаланылатын және бақылаудағы есірткі және психотроптық заттардың тізімі" деген III кестеде:

В "Психотроптық заттар" деген бөлімде:  
5-тармақта "БАРБИТАЛ НАТРИЯ (BARBITAL, SODIUM)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Гамма-оксимаилы қышқыл (ГОМҚ)";

41-тармақта "(нозепам)" деген сөз алынып тасталсын;  
ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Осы Кестеде көрсетілген заттардың тұздары осындай тұздардың бар болуы мүмкін барлық жағдайларда.";

Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жатпайтын, құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар көп компонентті дәрілік препараттар тізімі алынып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*